

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№3				
<i>Күндері</i>	13.09 -17.09.2021				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Табиғат әлемі				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балалардың мәдени-гигиеналық ережелерімен таныстыру; балаларға жағымды орта туғызу.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жем салғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жөндерінді түріндер, матаны сулап, құрғатындар, лас болған кезде шайындар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгіл өзгерістерін талқылау.	"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.	"Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсаты: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу.	"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.	"Не қайда өседі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін

					және белсенділіктерін дамыту.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар "Домала, доп, домала" Домала, доп, домала (екі қолды айналдыру). Балшыққа тек жолама (Сұқ саусақпен ескерту). Жек көремін оныңды (Сұқ саусақпен оң және сол жаққа серпілту), Бүлдіресің қолыңды (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру). Секіріп өт ордан да (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту), Секіріп өт жолдан да (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту). Қуса күшік жетпесін (баяу жүгіру), Машина басып кетпесін (машинаның рөлін айналдыру).				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	"Ас - атасы нан" мақалын айта отырып, нанның қасиеттілігін айту. Балаларды нанды қадірлеп, қоқымдарын жерге шашпай, тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз.	"Сөйлемді толықтыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөйлемдерді қарама-қарсы мағыналы сөзбен толықтыруды үйрету, зейінін дамыту. Барысы: педагог сөйлемді бастайды, ал балалар оны аяқтайды, олар тек қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айтады. Мысалы: қант тәтті, ал бұрыш ... (ащы).	"Ол қандай?" дамытушы ойыны. Мақсаты: есту және есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету. Барысы: заттың атын атап, баланы осы заттың қалай көрінетінін, қандай формада болатынын, содан кейін ол ұсынған барлық нәрселерді сипаттауды сұрайды. Мысалы: жұмыртқа сопақша пішінді, түсі ақ немесе қоңыр, шикі немесе қайнатылған, іші ақ және сары. Тек заттың белгілерін айтып қана қоймай, оның суретін де салдыруға болады.	"Бұл ненің жапырағы?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: өсімдікті жапырағынан тануға үйрету, зейінін дамыту. Барысы: ағаштардың жапырақтарын балаларға көрсетеді. Балалар жапырақтың қай ағашқа тиесілі екенін анықтайды.	"Жәндіктер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жәндіктердің күзгі тіршілігі туралы ойларын нақтылау және кеңейту, жәндіктердің сын-сипатына қарай сипаттауға үйрету, барлық тіршілік иелеріне деген қамқорлық қатынасты тәрбиелеу және зейінді дамыту. Барысы: балалар 2 топқа бөлінеді. Бірінші топ жәндіктерді сипаттайды, ал екіншісі оның қандай жәндік екенін табуы керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Содан кейін топтар ауысады.
---	--	--	--	---	--

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу. Мақсаты. Балаларға тәуліктің бөліктері күн мен түн құбылыстары туралы, олардың табиғат пен адам өміріне тигізген септігі туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуге үйрету. <i>Сөздік жаттығу. "Есімде не қалды?".</i> Сурет салу "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ" Мақсаты. Балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуға үйрету; композиция жөнінде түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін едәуір тез өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. <i>Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".</i> Дене шынықтыру "Епсіз қонжық" Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін	Музыка "Жау, жау, жаңбыр" Мақсаты. Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан табиғатта жаңбырдың пайда болуы және жауғаны туралы көрініс көрсету, "Жаңбыр" дидактикалық ойыны, "Тышқандар" ойыны. <i>"Жаңбыр" дидактикалық ойыны.</i> Математика негіздері "Күн тәртібі" Мақсаты. Балаларды тәулік мезгілдерін байқауға үйрету, өз өміріндегі өзгерістерді тәулікке, күн тәртібіне сәйкестендіруге үйрету; ақыл-ойды, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.	Көркем әдебиет "Құмырсқа" ертегісі Мақсаты. Балаларды "Құмырсқа" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнының түсіндіру; ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. <i>Дидактикалық ойын: "Жәндіктерді ата".</i> Дене шынықтыру "Аяқтың ұшымен жүрейік" Мақсаты. Балаларды биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау, пысықтау ойыны арқылы заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру іскерліктерін дамыту. <i>"Аю мен қояндар" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін....» Мақсаты:Ертегіні зейін қойып тыңдай білуге, әртістік қабілетін дамыту. Ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап бере білуге,қысқаша мазмұндауға үйрету.Олардың дауысын салып қызыға ойнау дағдыларын қалыптастыру.Бір-бірлерін сыйлауға,көмектесуге,адамгершілік қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.	Құрастыру "Достарға саты" Мақсаты. Балалардың құрылыс материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс-тәжірибеде, ойында жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруға үйрету. <i>Көркем сөз. "Вики - біздің досымыз".</i> Музыка "Жаңбыр" Мақсаты. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау	Жаратылыстану "Қалпақты өсімдіктер" Мақсаты. Балалардың жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңбырдан кейін саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуінің әсері жайлы білімдерін кеңейту; тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету; табиғат әлемі туралы түсінік беру. <i>"Жеуге жарамды саңырауқұлақты ажырат" дидактикалық ойын.</i> Дене шынықтыру "Тақтайдың үстімен бірге жүрейік" Мақсаты. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін жетілдіру; биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын бекіту. <i>"Пойыз" қимылды ойыны.</i>
---	---	---	--	--	---

	қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. <i>"Пойыз" қимылды ойыны.</i>			қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуге үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. <i>"Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойын.</i>	
--	---	--	--	---	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Өрт сөндіру машинасын бақылау. Мақсаты: көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін кеңейту; қызығушылықты дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы қоқыстарды жинау) Мақсаты: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Лактыр да, ұстап ал". Мақсаты: педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Торғайларды бақылау. Мақсаты: торғай туралы білімді бекіту және бақылауды жалғастыру; сөздік қорларын торғай туралы көркем сөзбен байыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы сыпыру). Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұядағы құс". Мақсаты: белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікті, зейінділікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Қайыңды бақылау. Мақсаты: қайыңға тән белгілерді бақылауды жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару). Мақсаты: түскен жапырақтарды тырнауышпен тазалау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түстерді тап". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша түстерді табу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: алтын күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсуі" ұғымымен таныстыру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балабақшадағы қоқыстарды жинау.). Мақсаты: жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйінді тап". Мақсаты: ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Көліктерді бақылау. Мақсаты: көліктерді мақсатына қарай ажырата білуге үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге деген ұмтылысын қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге жинау және жинау жолдары). Мақсаты: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер". Мақсаты: физикалық белсенділікті заттармен (рульдермен) ойын арқылы дамытуды жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: орыннан екі аяқпен секіру. Мақсаты: шапшаңдықты дамыту.
----------------------	---	---	--	---	--

		материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.		қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бір аяқпен орнында секіру. Мақсаты: шапшаңдықты дамыту.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Сюжетті-рөлдік ойын "Қуыршақты тамақтандыр". Мақсаты. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар ұйымдастыру.	"Қимылдарды ұқсат" театрландырылған ойын. Мақсаты. Театрландырылған ойын арқылы баланың сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Педагог: - Балалар, кішкентай балалар қалай жүреді? (Балалар аяқтарын сәл ғана ашып, адымдап жүреді. Кейін аяқтарының арасын үлкенірек ашып, адымдап жүреді.) - Қарт аталар қалай жүреді? - Ханшайым қалай жүреді? - Тоқаш қалай домалайды? - Сұр қасқыр орманды қалай серуендейді? - Қоян одан құлақтарын тегістеп қалай қашады?	"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.	"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.

		реттілікпен киюін қадағалау.		киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	
Серуен	Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім көп таспа жинайды?", "Көбелектер мен бақалар" (мөлшері 2-3 рет). Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру, балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Апта күндерін жаттау. Мақсаты. Апта тақырыбына байланысты тақпақтар жаттау.	"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерге әңгіме құрастыру. Мақсаты. "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.	"Күзде" тақпақ айтқызу. "Күзде" (Ескен Елубаев) Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дөн шаштық та, Арба қауын алдық біз!	"Күз" туралы сюжетті суреттерге әңгіме құрау. Мақсаты. "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету.	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсаты. Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса".	Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".	Психолог кеңесі. "Баланы ұрып тәрбиелеуге бола ма?"	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?"	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.